

Жаңа \$5 долларлық банкнот  
Қорғанысы күшті. Техникалық істелінген. Қауіпсіз.



# Ақпараттық қағаз

## Жылдам тарату үшін

20 қыркүйек 2007 ж.

## Байланыс ақпаратты:

Дон Хели / Клодиа Дикенс  
Баспасоз және қырнату бюросы  
202/874-2778

Қоғам байланыс бөлімі  
АҚШ Қауыпсіздік қызметі  
202/406-5708

Роза Пианалто / Жеффри Смит  
Федералдық Жинақ басқармасы  
202/452-2955

Пенни Козакос  
Жаңа банкнот туралы ақпарат бөлімі  
202/530-4887

## «Wi-5» электрон шарасында Жаңа 5 долларлық банкнот дебюті

### 2008 жылдың басынан айналымға енгізілуі жоспарланған жаңа нұсқадағы ақша банкнотын еш қашан болмаған «электрондық жүйе» арқылы жариялау

Вашингтон қаласы, 2007 жыл 20 қыркүйек. (WASHINGTON, D.C. (September 20, 2007). Бүгін АҚШ Үкіметі жаңа және қауыпсіздігі күштілеу болған 5 долларлық банкноттар безектерін, және оның 2008 жылдың басынан айналымға кіруін электрондық ақпарат жүйелері арқылы ашықтан-ашық жариялады. Содан кейін жаңа 100-ді банкноттарға наубет келеді. АҚШ қағаз ақшасы ерекшеліктерін электрон ақпарат жүйелері арқылы толықты түрде ашықтан-ашық жариялау тарихта бірінші рет жүргізілуде.

Жаңа нұсқадағы 10, 20, және 50 долларлық банкноттар сияқты, жаңа 5 долларлық банкноттыда пайдалануға жеңіл, күшті қауыпсіздік шараларымен қорғанған. Осындай күшейтілген қорғау шаралары, құрылымдарға және қарапайым жұртшылыққа, жаңа 5 долларлық ақшаны тексерулеріне жәрдем береді. Оны қолдан жасаушыларға қыиыншылық туғызады.


Бүгін, АҚШ Қаржы министр әкімшілігі, Федералдық Резерв банкі жұмысшылары, безектермен баспа бюросы, АҚШ Құпия қызметі, ақшаның қауыпсіздігі және оны қорғау мәселесіне арнап ашықтан-ашық өткізген «Wi-5», деп аталған электрон шараның толықты қатынасушыларына айналды. Олар, үкіметтың ақшаны қолдан жасаушыларға жеткізбейақ- алдында жүргеніне ерекше назар аударды. Үкімет бастықтары ұсынған 5 долларлық ақша безектерінде болыпжатқан өзгерістерді «ашықтан-ашық жариялау» және бүгінгі таңда ақшаны қорғау мәселесіне бағытталған осы электрондық талқылау [www.moneyfactory.gov/newmoney](http://www.moneyfactory.gov/newmoney) электрондық e-mail арқылы, және ақпарат жаңалықтарының сурақтармен жуаптар онлайныны ( online Q&A for news reporters ) арқылы жүргізілді. Жаңа 5 долларлық банкноттардың ерекшеліктері тұрысында мағлұмат беретін «суретті бейнелер» сайты арқылы жүргізілді.

«Үкімет, мүмкіндігінше, ең жақсы техникамен пайдаланады, сол үшін, сіздің қолдан жасалған ақшаларды білмей алып қоюыңыздың шамалы», дейді АҚШ Қаржы министрі Анна Эскобедо Кабрал. «Ең соңғы қауыпсіздік белгілерді қолдау, осы ақша сериясының маңызды шарты, ондағы қорғау белгілерді анықтау баршаға жеңіл. Оны қалай анықтауды үйреніңіз. Сонда, күтпегенде, әлдеқайсы адамдардың сізге өткізіп жібермекші болған қолдан жасалған ақшаларды байқайсыз, сонда өз теріңізбен тапқан ақшаларыңыздан айрылып қалмайсыз».

Жаңа 5 долларлық банкноттарда өнер дәрежесіне көтерілген күрделі қорғау белгілер бар болып, олардан ақша есептегіш аппараттарда, адамдарда – бірдей пайдалана алады. Ақша банкноталарын жоғары көтеріңіз; жарыққа қаратып төмендегі белгілерді табыңыз:

- **Сутамғы белгісі:** Банкнотты жарыққа тосып қарағанда портреттің оң жағына орналасқан үлкен «5» деген цифрлы сутамғы белгісін көресіз. Ол ертеректе шыққан 5 долларлық банкноттардағы Президент Линкольннің портреті сутамғы белгісінің орнына енгізілген. Оның бар-жоқтығы ақша түбінде ағарып жатқан терезе сияқты бос орын арқылы көрініп тұр. Екінші сутамғы белгісі дизайны өзгерген жаңа 5 долларлық банкнотта қолданылған. Банкнотты жарыққа тосып қараңыз да портреттің сол жағынан орналасқан «5»-терді табыңыз. Сутамғы белгісінің өзі қағаздың бір бөлігін құрайды және ол қағаздың екі жағынан да көрініп тұрады.
- **Қорғаныш жібі:** Банкнотты жарыққа тосып қаратыңыз да оның ішіндегі қорғаныш жібін немесе пластик сызықшаны табыңыз. Қағазға сіндіріліп жапсырылған бұл сызықша қағаздың екі жағынан да көрініп тұрады. Алдында шығарылған ескі 5 долларлық банкноттарда қорғаныш жібі Портреттің сол жағында орналастырылған.

«Біздің мақсатымыз, АҚШ және дүние жүзіндегі қаржы құрылымдарымен, шетел орталық банктарымен турадан-тура жұмыс істеу арқылы, қайта безенген ақшаларды жұртшылыққа таныстыру», дейді Федералдық Резерв басқармасы банк операцияларымен төлемдер бөлімі деректоры орынбасарының жәрдемшісі Мишел Ламберт. «Ескі 5 долларлық ақшаңызды жаңасына ауыстырудың қажеті жоқ. Құрама Штаттарда баспадан шыққан барлық АҚШ ақшалары, олар ескі болсын, жаңасы болсын – екеуде заңды күшке ие, және номинациясы бойынша өзін сату немесе сатып алу күшін толықты түрде сақтайды».



5 долларлық ақшалардың, сауда автоматтары және транспорт касса аппараттарында көбірек қолдануын есепке ала отырып, АҚШ Үкіметі, аталмыш аппараттарды жасайтын және олардан пайдаланатын жұртшылықты, келешекте шығарылатын жаңа 5 долларлық ақша банкноттарымен қабырландыруды өз алдына мақсат етіп қойған. Соның үшін ол, бұдан бір жыл бұрын жұмыс бастап, аталмыш аппараттарды жаңа ақшаны тану және оны қабылдауға сәйкестендіруге мүмкіндік берді.

«Өз аппараттарын жаңа ақшаны қабылдауға сәйкестендіру үшін, керекті мағлұматтармен қамтамасыз етіп, сауда автоматтары және басқа ақшамен байланысты техник жүйелерді жасайтын жұмыс орындарымен жұмыс жүргізілуде», дейді Ларри Р. Феликс, Қаржы министрлігі ақшаны безендіру және оны баспадан шығару бюросының директоры. «Бірінші орында, біздер касса аппараттарын күшейген қауыпсіздік белгілерді оқып алуға сәйкестендіріп жатырмыз. Осындай шара, ақшаны қолдан жасауға қарсы қорғаудың бірінші қатарындағы жұмыс болып есептеледі. Олардың жаңа нұсқадағы ақшаны және оның күшті қауыпсіздік белгілерін анықтау, және ақшаның тегіс – тосықтарсыз өтуі өте маңызды жұмыс».

5 долларлық ақшаның көрінісін ашық түрде жариялаумен бірге, бүгін АҚШ Үкіметі, жұртшылықты оқыту жобасын екінші пағанаға көтерді. Бұл жоба, бүкіл дүние халқына, жаңа ақша безектері және оны қорғау ерекшеліктері тұрасында мағлұмат береді, және еш қандай тосықтарсыз – тегіс тұрғыда айналымға кіруіне мүмкіншілік береді.

Бизнес қоғамын, қаржы құрылымдарды, сауда және арнайы бірлестіктермен жеке тұлғаларда, касса аппараттары және барлық ақшамен байланысты жұртшылықты, жаңа ақшамен таныстыру, және оларға қолдан жасалған ақшалардан қорғану жолдарын үйрету мақсатында, баспадан еркін оқыту материалдарды шығарды. 2003 жылдан бастап, АҚШ Үкіметі 10, 20 және 50 долларлық ақшалардың безектері туралы, шамамен 78 миллион кісіні оқыту және даярлау туралы материалдар таратты. Осы материалдарды беру жолымен, немесе [www.moneyfactory.gov/newmoney](http://www.moneyfactory.gov/newmoney) электрондық пошта арқылы көптеген тілдерде алуға мүмкіншілік бар.

Жаңа 5 долларлық банкноттағы қорғау белгілері, ақшаны қолдан жасаушыларға, 5 долларлық ақшаның бояуын біраз жылжытып, немесе ағартып, оның үстіне қолдан жасалған 100 долларлық ақшаны басып шығаруға мүмкіндік бермейді. 5 және 10 долларлық ақшалар арасындағы көптеген айырмаларға орай, жаңа шыққан банкноттар арқылы, оны қолдан жасауға тырысқандардың жұмысын жоққа шығарады, және АҚШ ақшасынан пайдаланушыларды қорғайды.

5 долларлық жаңа ақшадағы қағазына араластырып жасалған қорғаныш жібі, немесе сызығы, кішкене жылжыған. Оның тұратын жері, 100 долларлық банкнотадан басқаша. 100 долларлық ақшалар сияқты, ескі 5 долларлық ақшаларда, қорғаныш сызығы портреттің оң жағына орналасқан болатын. Жаңа 5 долларлық ақшада болса, бұл сызық Президент Аврам Линкольн портретінің оң жағынан өткен.

Жаңа 5 долларлық банкнотпен 100 долларлық банкноттар арасындағы айырма тағыда күшейтілген. Баяғыда, ескі 5 және 100 долларлық ақшалардың – екеуіндеде, сұтамғы портреттер бар болатын. Енді болса, жаңа 5 долларлық ақшада сұтамғыны портреттың орнына, үлкен «5» саны орналасқан. Бұған тағы қосымша ретінде, екінші сұтамғы басылды. Ол – үшеуі «5»-терден тұрады, Президент Линкольн портреті шетінде орналасқан.

«Жұртшылықты оқыту, заңды күшейту, және озық қауыпсіздік белгілердің бірігуі - ақшаны қолдан жасауға қарсы күресте үлкен жәрдем. Бірақ, адамдар бұл жүйелерді тура пайдалануды білсе ғана, ақшаны қорғау жұмыстары өз нәтижесін беруі мүмкін», дейді Мишел Меррит, АҚШ Құпия қызметі, ғылыми жұмыстар бөлімінің директоры орынбасарының жәрдемшісі.

Текқана өткен жылдың өзінде, АҚШ-та, қолдан жасалған ақшаны азаматтарға және құрылымдарға өткелуге әрекет жасаған 3945 адам тұтқынға алынған. Бұл 62 миллион доллар ақшаны жоғалтумен бірдей.<sup>1</sup>

Бытыр, АҚШ, және басқа мемлекеттер Құпия қызметі жұмысшылары тарапынан 53 миллион долларды қолдан жасалған ақшалар айналымға кіріп кетуден сақтап қалынды. Дүние жүзі бойлап, келімен есептегенде, 65 миллион доллар қолдан жасалған ақша анықталып, айналымдан шығарып тасталды. Соның әсерінен, қолдан жасалған ақшаларды білмей алған кінәсіз құрбандардың ақшаларын жоғалтуына себеп болды.<sup>2</sup>

Жаңа шыққан 10, 20 және 50 долларлық ақшалар сияқты, жаңа 5 долларлық ақша банкноты фонына Америка азаттық рәміздері бейнесі енгізілген. Бұлар: Америка Құрама Штаттарының Үлкен мөрі – бүркіт және қалқан бейнелері болып, олар күлгін түсті бояумен банкноттың алдығы жағына басылған.

Қосымша дизайн элементтері төмендегілерден құрады:

- Ақша құнын анықтауға қиналатын, және көру мүмкіншілігі нашар адамдар үшін, ақшаның артқы жағы төменгі оң тарапында орналасқан үлкен «5» саны, жаңа 5 долларлық банкноттарда, тағыда үлкендеген, және өте ажыралып тұратын күлгін түсті бояумен басылған.
- Ақшаның алдыңғы тарапындағы, Президент Линкольн портреті төңірегіне сызылған сопақ шекара, және оның артқы жағындағы, Линкольн мемориал бейнелері кішкене жылжыған. Екеуінің суреттері күшейтілген.
- Банкноттың бетінде, қоскемпір сияқты орналасқан күлгін түсті жұлдыздар, Үлкен мөрі және портретті орап тұр, оның артқы жағымен бет жағында кішкене сары бояулы «5»-тер басылған.

5 долларлық жаңа ақшаның ең көзге тасталатын айырмасы – ақшаның ортасындағы аш күлгін түсті бояу ақша шетіне қарай өзгеріп барады, ақша қырғағына жеткенде ауа көк түске кіреді. Ақшамен байланысты жұмыс істейтіндердің барлығы, олар қарапайым жұртшылық болсын, автоматтық кассалар болсын, ақшаның реңімен ғана шектеліп қалмастан, оның басты қауыпсіздік белгілерін: сұтамғы және қорғаныш жібін, немесе сызығын, білуі тиісті, не дегенде, таза ақшаны анықтау үшін текқана оның реңін білудің өзі жеткілікті емес.

###

<sup>1</sup> АҚШ Қауыпсіздік қызметі, 2006 финанс жылы

<sup>2</sup> АҚШ Қауыпсіздік қызметі, 2006 финанс жылы